



Сыр бойы

№179 (21055) 25 қараша, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

f www.facebook.com/syrboyi.kz

i www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

X twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

Кеше Түрікменстан Президенті Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовті қарсы алды. Астана халықаралық әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



ҰҚШҰ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСАДЫ

26-27 қараша күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысу үшін Бішкек қаласына барады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы»
газетіне
жазылу бағасы
жеке-кеңес үшін:
**6 айға –
5000 теңге**

/// ӨРКЕН

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ»: ОНЫНШЫ БІЛІМ ОШАҒЫ АШЫЛДЫ

Кеше Қызылорда қаласындағы СПМК-70 шағын ауданында 1500 орындық «Келешек мектебінің» ашылу рәсімі өтті. Оған ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі қала тұрғындарын, ұстаздар мен оқушыларды жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, жиналған жұртшылыққа ізгі тілегін айтты. Президентіміз «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы» деген болатын. Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыруларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асуда. Аймағымыздың білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге бөлінді. Өткен жылы 31 млрд 800 млн теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

2-бет



Суретті түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

/// ИГІЛІК

ТАҒЫ БІР АУЫЛ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданының Дүр Оңғар ауылына газ қосу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мұрат Ерғешбаев, ел ағалары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды көптен күткен игіліктің іске асуымен, яғни ауылға «көгілдір отынның» келуімен құттықтады.

Мемлекет басшысы «Үкімет газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды «көгілдір отынмен» қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп атап өтті.

Аймағымызда 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болатын, 2022-2025 жылдар аралығында 63 млрд 600 млн теңгеге 77 жоба жүзеге асырылды.

Өткен аптада Сырдария ауданының Шаған ауылына табиғи газ берілсе, Жаңақорған ауданында автоматты газ тарату станциясы іске қосылды. Бүгін өздерінізбен бірге Дүр Оңғар ауылы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне жаңа тыныс беретін іс-шараға, табиғи газға қосу сәтіне куә болудамыз. Осындай жұмыстардың нәтижесінде биыл облысымыздың газдандыру көрсеткішін 83 пайызға жеткіземіз.

2-бет



ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ ТЫНЫСЫ

Таң бозара көлікте отырып, жолға шықтық. Дала тұман. Аяқ жолдан басқасы көрінбейді. Бағытымыз – Жаңақорған ауданы. Тақтайдай тегіс жол. Екі сағатта жетіп бардық. Алғашқы нысан – Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі. Ғимарат толықтай заман талабына сай жабдықталыпты. Сыртқы қасиеті көз тартады.

КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІНЕ ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Биыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы». Президент бастамасы жұмысшы мамандықтарды дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттауды көздейді. Бұл ретте елімізде бірқатар жұмыс атқарылуда. Мәселен, техникалық және кәсіби білімге басымдық берілген.

Осы орайда еңбек нарығына қажетті

кәсіби мамандарды даярлауда Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің орны ерекше. Оқу орласында атаулы жылға орай облыстық білім басқармасы оқу орталығы (әдістемелік кабинет) бірлесе отырып, «Жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы рөлі мен маңызы» атты тақырыпта облыстық семинар ұйымдастырды.

Оған облыстық білім басқармасы, кәсіпорындар, колледждің әлеуметтік серіктестік мекемелері, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары, қызметкерлері, ардагер ұстаздар,

студенттер қатысты. Басты мақсат жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын іске асыру, оқу орнының техникалық базасымен танысу, дуальді оқыту жүйесінің жемісті жүзеге асырылуы, тәжірибе алмасу болды.

Алдымен жиналғандар спорт залдағы арнайы көрмеге қатысты. Онда колледж шеберханалары дайындаған бұйымдар қойылды, жергілікті кәсіпорындар өндіретін өнімдерін көрсетіп, таныстырып шықты.

Мәселен, «СКУ-У» ЖШС зауытының өндірістік бөлім басшысының орынбасары Талғат Жолшыбеков колледжбен тұрақты байланыста екенін жеткізді.

3-бет



Суретті түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Валюта бағамы: \$ 518,66 kzt

€ 597,44 kzt

₸ 6,56 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +14° 🌙 0°

Сәрсенбі ☀️ +14° 🌙 -2°

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ АЙТУЛЫ КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Орталық Азия жөніндегі арнайы өкілі Эдуардс Стипрайсты қабылдады.

Мәртебелі мейманға ілтипат танытып, Қазақстанның негізгі әрі сенімді серіктестерінің бірі Еуропа Одағымен көпжоспарлы ықпалдастықты одан әрі нығайту маңызды екенін атап өтті.

Президент осыдан 10 жыл бұрын қабылданған кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық жөніндегі келісім екі жақты-қарым-қатынастың айтулы кезеңі деп санайды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері мен Еуропа Одағы арасындағы белсенді және конструктивті диалогқа жоғары баға берді.

Эдуардс Стипрайс Еуропа Одағы Қазақстанмен ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бейіл екенін мәлімдеп, екіжақты және өңірлік күн тәртібіндегі ықпалдастықтың қарқыны арта беретініне сенім білдірді.

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақордада алты елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Израиль мемлекетінің елшісі Йоав Быстрицки, Қырғыз Республикасының елшісі Құдайберген Базарбаев, Куба Республикасының елшісі Альфредо Федел Ниевес Портуондо, Ливан Республикасының елшісі Джордж Абу Зейд, Зимбабве Республикасының елшісі Марк Грей Маронгве және Сомали Федеративтік Республикасының елшісі Фатхудин Али Мохамед тапсырды.

Президент Қазақстан барлық мемлекетпен достық қарым-қатынас орнатқан бейбіт ел екеніне тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанның ішкі саясатында қолға алынған бастамалар жөнінде әңгімелеп, бұл жұмыстар Әділетті Қазақстанды құруға, «Заң және тәртіп» қағидатына негізделгенін айтты.

Мемлекет басшысы елшілерді дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, Қазақстан тарапы олардың қызметіне жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

АРДАГЕРЛЕР ТАЛ ЕКТІ



Қызылордада өткен республикалық ардагерлер кеңесінің көшпелі отырысына қатысушылар қайта жаңғыртылған Президент паркіне тал екті. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы іс-шараға эковолонтерлер, «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің еріктілері, жастар ұйымдарының өкілдері, құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалардың басшылары қатысты. Шара барысында 165 түп қайың, үйеңкі және туя көшеті отырғызылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы қонақтарды Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарымен де таныстырды. Мұнда ауқымды абаттандыру жобалары қолға алынған. Бас мердігер «Ві Global» ЖШС осы аумаққа 3 аллея, 6 субұрқак, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, 50 метрлік айналмалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік-санитарлық нысандар орналастырмақ.

Саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бак) бой көтеріп келеді. Бұл нысандардың бас мердігері «Алем Qurylys AQ» ЖШС спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпустар, қонақ үй

үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салуды қарастырған.

Еске салайық, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Оған 484 мыңнан аса ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысып, 21 мың тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылды. Елді мекендердегі 510 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1019 әлеуметтік нысан, 3 733 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 332 су объектісі, 44 394 көше бойы, 11 025 көпқабатты, 33 369 жер үй аулалары тазартылды. Оған 540-тан аса техника жұмылдырылды.

Жыл басынан бері облыс аумағына 255 500 түп өңір климатына жерсінетін қарағаш, терек және Сыр талының көшеттері егілді.

ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан Халық партиясының» төрағасы Ермұхамет Ертісбаевпен кездесті.

Аймақ басшысы партия филиалымен бірлесіп атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарларға тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ауқымды реформаларын іске асыруға барынша атсалысып, жергілікті тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелерін тыңдап, шешімін табуға

ұйытқы болып жүрген өзіңіздің еңбегіңізді ерекше бағалаймын.

Мемлекет басшысының ерекше қолдауы жаңа жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді.

Бүгінде облыстың барлық деңгейдегі атқарушы органдары саяси партиялармен, оның ішінде «Қазақстан Халық партиясы» облыстық филиалымен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсетуде.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде кейінгі жылдары байыпты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Өңіріміздің барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етілді. Іс-сапарыңыз сәтті, жемісті болғай. Мемлекет мүддесі жолындағы ортақ еңбегіміз әрдайым нәтижелі болсын! — деді облыс әкімі.

Ермұхамет Ертісбаев өңірдегі жақсы жетістіктерге жоғары баға беріп, елдің жарқын болашағы жолында бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін айтты.

Айта кетейік, аймақта 7 саяси партияның филиалы қызмет етеді. Саяси партиялардың облыстық филиалдарына 81 мыңнан астам адам тіркелген.

БЕРЕКЕ АРҚАУЫ — БАСПАНА

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданының орталығы — Жосалы кентінде әлеуметтік осал топтағы азаматтарға жаңадан салынған тұрғын үйлерді табыстау рәсімі өтті.



Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, өңірдегі ауқымды жобаларды, құрылыс қарқынын, әсіресе, тұрғын үй құрылысындағы жетістіктерді атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты баспанамен қамту мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап өтті. Өңірімізде құрылыс қарқынды, 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, бүгінде тұрғындар игілігіне қызмет етуде.

2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Облысымызда алғаш рет соңғы екі жылда барлық ауданда біржарым мыңға жуық пәтер салынып, жерлестерімізге берілді. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Оның ішінде 322 пәтерлік 161 тұрғын үй аудандарда бой көтеруде.

Қармақшы ауданында да 2023-2024 жылдары 2 млрд 848 млн теңгеге 207 пәтерлік 103 тұрғын үй сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Осы жолы тағы 50 пәтерлік 25 жаңа үйді өздеріңізге табыстаймыз.

Бүгін — мемлекеттің қолдауын сезінген барлығыңыз үшін ерекше қуанышты күн! Баспаналы болу әрбір отбасын жақсылыққа жетелейді. Жаңа қоныстарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр шаңырақ татулық

пен берекеге толы болғай! Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! — деді облыс әкімі.

Айта кетейік, 2023 жылы Қармақшы ауданының Тұрмағамбет, Ақжар, Дүр Онғар ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға берілді. Өткен жылы Қуандария, Қармақшы ауылдарында фельдшерлік-акушерлік бекеттер салынып, қазір ел игілігіне қызмет етуде. Өңірімізде жарияланған «Руханият жылы» аясында аудандарда салынған «Руханият орталықтарының» бірі Қармақшы ауданында бой көтерілді. «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында Дүр Онғар, III Интернационал, Ақай ауылдарында жаңа спорт кешендері салынып, пайдалануға берілді.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан ардагерлер мен мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев құттықтау сөз сөйледі.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы ауыл тұрғындарымен, ардагерлермен кездесіп, пікір алмасты. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму бағыты, алдағы бағдар туралы сауалдарға жауап беріп, жиналған жұртшылықтың ұсыныстарын тыңдады.

«СБ» ақпарат

ТАҒЫ БІР АУЫЛ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ



Жерлестерімізді көптен күткен газдың қосылуымен құттықтаймын! Бұл — бірімізге ортақ қуаныш! «Көгілдір отын» әрбір отбасының жылуын, Отанымыздың қуатын арттыра берсін!

Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдың дамуы, келешегінің жемісті болуы — сіздерге, еңбекқорлықтарыңыз бен ауызбірліктеріңізге байланысты. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-берекес, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан алдыңғы буын ағалар мен мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемұлы құттықтау сөз сөйледі.

Айта кетейік, бүгінде Қармақшы ауданын газдандыру деңгейі 78 пайыз. Екі мыңнан астам тұрғыны бар Дүр Онғар ауылының газ желісіне қосылуы бұл көрсеткішті 83 пайызға жеткізеді. Аталған жобаға облыстық бюджеттен 7 млрд 200 млн теңге бөлінді.

Ауылға тартылған 62,5 шақырымдық жоғары қысымды газ құбыры Жосалы кентіндегі автоматтандырылған газ тарату станциясынан Сырдария өзені арқылы жүргізілді. Бұл жоба алдағы уақытта 10 мыңнан астам халқы бар 9 елді мекенді кезек-кезеңімен магистральдық газ желісіне қосуға мүмкіндік береді.

«СБ» ақпарат

1-бет





ПЕРЗЕНТ СҮЙМЕЙ АДАМНЫҢ МЕЙІРІ ҚАНБАС

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, бала – өмірдің мәні, ұрпақ жалғасы. Алайда бала сүю бақытын көш сезінген немесе бір перзентке зар болып жүрген отбасы қаншама?! Оған бүгінгі экстракорпоральді ұрықтандыру көмегіне жүгінетіндер қатарының көптігі дәлел бола алады.

Жалпы экстракорпоральді ұрықтандыру (латын тілінен extra – сырттан тыс және lat. corpus – дене, яғни денеден тыс ұрықтану) – бедеулік кезінде тиімді әрі жиі пайдаланылатын қосалқы репродуктивті технология әдісі. Сәби сүюге зар болып жүрген кез келген ерлі-зайыпты барлық қиындықты еңсеруге тырысады. Ал ЭҚҰ жасауға келгенде олар тіпті психологиялық, моральдық күй-зеліске түсетіні анық.

Оны жеңіп, бір шешімге келгеннен кейінгі кедергі – әрине, ақша мәселесі. Ер мен әйелдің емделу процесінен бастап, бала сүюге дейінгі аралықта 800 мың – 1,2 млн теңгеге дейін шығын шығатынын айтады дәрігерлер. Кейде тіпті жұмсалатын қаржы көлемі 1,5 млн теңгеден де асып кетеді екен. Қарапайым отбасылар үшін бұл ақшаны жинау оңай емес. Сол себепті мемлекеттен жыл сайын арнайы квота бөлінеді.

2019 жылы республика бойынша бөлінген квота саны небәрі 900, 2018 жылы да осы шамалас болған. Ал оған дейін бөлінген квота саны бұдан да аз. Квотаның аз болуынан қаншама отбасы жылдап кезек күтуіне тура келді. Осыны ескерген Мемлекет басшысы 2021 жылы елімізде «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын іске қосуды тапсырды. Осының негізінде бөлінетін квота саны 7 мыңға дейін артты. Осылайша қосалқы репродуктивті технологиялар көмегімен отбасылық-демографиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесу бағытындағы бұл бағдарлама перзент сүю бақыты бұйырмай жүрген талай ерлі-зайыптының үмітін жалғап, аңсаған арманының орындалуына сеп болуда.

Біздің елімізде 2010 жылдан бері ғана жасанды жолмен ұрықтандыруға квота бөліне бастағаны белгілі. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша, Қызылорда облысына 2015 жылы 34, 2016 жылы 35, 2017 жылы 38, 2018 жылы 38, 2019 жылы 36, 2020 жылы 44 квота қаралса, 2021 жылы 281, 2022 жылы 277, 2023 жылы 274, бытыр 270 квота бөлінген. Осылайша 2015 жылдан бастап есептегенде берілген квота саны 8 есеге өскен.

– Бытыр 270 квота бөлініп, толықтай игерілді. Оның ішінде 65,9%-ында, яғни 178 жағдайда жүктілік тіркеліп, 38,2%-да (68 жағдай) түсіпкен аяқталды, өкінішке орай 31,5%-да (85 әйелде) жүктілік нәтиже бермеді. 178 жүктіліктің тіркелуі – өте жақсы нәтиже. Дүние-жүзілік Денсаулық сақтау ұйымының статистикасына сәйкес 30-40 пайыз жүктілік тіркелсе,

бұл ЭҚҰ-ның тиімді жүргізілгені деп бағаланады. Бытыр ЭҚҰ арқылы 92 бала туып, 3 отбасында егіз сәби дүниеге келді. Ал 51 әйел қазіргі кезде жүкті. Биыл «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 310 квота бөлініп, 285 әйел жолданып, орындалу үлесі 91,9%-ды құрап отыр. Бүгінгі күні 455 отбасы квота кезегін күтуде, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мая Мирзанова.

Облыс бойынша ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдер саны – 174 931, 6320 бедеу отбасы бар. Бедеуліктің 60,4%-ы (3819), әйелдерге қатысты болса, ерлер 39,6% (2501).

– Кезекте тұрған отбасылардың барлығы өңірлік комиссияда қаралып, қолданыстағы бұйрықтарға сәйкес жолданады. Бағдарлама шеңберінде ЭҚҰ циклідерін мониторингтеу, пациенттердің құжаттарын қабылдау және комиссияға ұсынуды басқарма жүргізеді. Басқарманың бұйрығына сәйкес, пациенттерге квота бөлуді таңдау және ұрықтандыруға жолдама беруші шешу үшін арнайы комиссия құрылған. Комиссия құрамында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы, қоғамдық қорлардың үйлестірушілері, білікті акушер-гинеколог, уролог мамандар бар, – деп атап өтті Мая Миранбайқызы.

Айта кету керек, бағдарламаны әлеуметтік-медициналық сақтандыру қоры 2018 жылдан бері тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қаржыландырады. ЭҚҰ-ға жолдама алу үшін тіркелген жері бойынша емханаға жүгіну қажет. Мамандар пациентті бедеулігі бар диспансерлік пациенттердің электрондық тіркеліміне қосады және бірқатар тексеру тағайындайды. 12 ай ішінде емхананың бейінді маманының қорытындысы негізінде пациенттің құжаттары жоғары технологиялық медициналық қызметтер жөніндегі жергілікті комиссияға жіберіледі. Оң шешім қабылданған жағдайда, әйел «Емдеуге қажет» бюросы» порталына тіркеліп, рәсімге дайындала бастайды. Пациент экстракорпоральдік ұрықтандыру үшін клиниканы өз бетінше таңдауға құқылы.

«Перзент сүймей адамның мейірі қанбас» деп ұлы Абай атамыз айтпақшы, шаңырақты шаттыққа бөлеп, өмірдің мәні мен сәні болар сабилер дүниеге келіп, ұрпақ жалғасқанға не жетсін!

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 10 қарашадағы ұйғарымымен «Аққұм жер» ЖШС-ның қатысушылардың жалпы жиналысын өткізуді міндеттеу туралы іске қатысу үшін «Аққұм Жер» ЖШС-нің қатысушылары үшінші тұлғалар ретінде тартылғанын хабарлайды. Сот отырысы 2025 жылдың 28 қараша күні сағат 16.15-ке белгіленген.

«Аққұм Жер» ЖШС атқарушы органы



ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ ТЫНЫСЫ

– Біз колледжбен 2-3 жылдан бері бірлесіп жұмыс істейміз. Арнайы келісімшарт жасалған. Мұндағы студенттер тәжірибеден тұрақты өтеді. Слесарь, дәнекерлеуші, токарь, elektrik мамандықтары бойынша. Диплом алғаннан кейін жұмысқа қабылданады. Зейнетке шыққан маманның орнын жастар алмастыруда. Біздің жұмысшылардың 70 пайызы – жергілікті тұрғын. Зауыт күкірт қышқылын шығарады. Ол уран өндірісіне қолданылады. Ал шығару процесіне келер болсақ, күкіртті Атыраудан алдырамыз. Бірінші ерітеміз, жағамыз, одан кейін сумен араластырып, 98 пайыз қышқыл аламыз. Ол өнімді жергілікті уран өндірушілерге жібереміз. Күкірт қышқылы зауыты 2007 жылы салынды. Жұмысты 2012 жылы бастадық. Жылына 500 мың тонна күкірт қышқылын өндіреміз. Қазіргі таңда 274 қызметкер еңбек етеді. Көбі жастар, оның ішінде колледж түлектері де бар, – дейді ол.

Мұнан кейін «Жас маман» жобасы аясында жабдықталған шеберханалардың жұмысын көрдік. Токарь мамандығын даярлау бойынша практика жүргізетін шеберханада болдық. Өндірістік оқыту шебері Досмахан Есбатыров бірінші курс студенттеріне темір жонатын станокты қалай қолдану керектігін үйретуде. Шебер олардың жұмыс істеуіне барлық мүмкіндік бар екенін айтты. «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мен «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша шеберлік сыныбында болып, ондағы оқу процесін де көріп шықтық.

Семинар колледждің акт залында жалғасты. Жиында облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет) кәсіптік білім бөлімінің маманы Ұлан Танмамбет шараның маңыздылығын кеңінен тоқталып, бірқатар әлеуметтік серіктес басшыларына облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ә.Ізімбетовтің Алғыс хатын табыс етті. Колледж директоры Тәттімбет Абдраимов білім ордасының қысқаша тарихы мен жетістігін, дуальды оқыту бағдарламасының тиімді жүзеге асырылып жатқанын айтты.

– Қазір колледж заманауи техникалық бағытта 19 мамандық пен 24 біліктілік бойынша маман даярлайды. Мұнда 2 акпараттық технологиялар кабинеті, 7 шеберхана, 4 зертхана, 27 оқу кабинеті бар. Онда студенттің сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Акт залы, асхана мен жатақхана заман талабына сай.

Сондай-ақ басым бағыттың бірі – әлеуметтік серіктестік байланыстарын нығайту. Түлектер сапалы білім алып, 1-бет.

тәжірибелік дағдыларын шыңдау үшін аудан көлеміндегі ірі кәсіпорындар, шағын және орта кәсіпкерлермен, шаруа қожалықтарымен өзара келісім жасалды. Олар онда тәжірибеден өтеді, жұмысқа орналасады және дуальды оқыту жүйесін жетілдіруге мүмкіндік беріледі. Колледжде білім алушы 508 студенттің 134-і дуальды оқыту бағдарламасы бойынша тәжірибеден өтуде. Бүгінде оқу ғимараттары талапқа сай қайта жаңғыртылды. «Жас маман» жобасы аясында «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтары бойынша оқу-зертханалық кабинеті жабдықталды. Бұл студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіруге және өндірістік технологияны меңгеруге мүмкіндік береді. Біз білікті жұмысшы мамандар даярлауда еңбек етіп келеміз, – деді директор.

Жиында әлеуметтік серіктестермен меморандумға қол қойылды. Олардың қатарында «Байкен-У», «СКУ-У», «Қызылқұм» ЖШС және «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ бар. Сондай-ақ шарада 5 студентке жұмысқа орналасуға жолдама берілді.

Солардың бірі – ветеринария мамандығында оқып жатқан Ерсайын Оспан. Оған «Агро Сервис-Жанакорған» ЖШС мекемесіне қолдама берілді. Дипломын алса, жұмысы дайын.

Біз 100 метр тереңдікке түстік

Жоспар бойынша келесі нысан – Шалқияда орналасқан шахта. Жан-жақтан жиналғандар арнайы автобусқа отырып, Қаратау беткейіне жолға шықтық. Бес-алты шақырымнан кейін шахтаның аумағына келдік. Арнайы күзет автобусты тексеріп, қанша адам бар екеніне көз жеткізгеннен кейін ішке кіруге рұқсат етті. Көліктің терезесіне үніліп келемін. Айналасы бәріне ірілі-ұсақ зауыттар. Күнделікті шаруаларын атқаруда. Ауыр көліктер тізбектеліп жүк тасып жатыр.

Бұл кезде түс ауып кеткен. Көлік алып ғимараттың алдына келіп тоқтады. Мандайшасына «Тау-кен Самұрық» («Shalkiya ZINC») деп жазылған. Тексерістен өтіп, төртінші қабатта орналасқан акт залына жиналды. Қауіпсіздікке жауапты маман бейнеролик арқылы шахта астына түскен кездегі қауіпсіздік ережелерін қатаң түрде сақтау керектігі жөнінде түсіндірді. Жиналған көптің ішінен 15 шақты адамға ғана шахтаға түсуге рұқсат берді. Түсі-жөні, қызметі толық жазылып, қол қойылды. Он бестің үшеуі қыз бала едік. Жауапты маман әлі де ойлануға болатынын ескертіп, бізден

жауап күтті. Тәуекел етіп, шахтаны да көруге бекіндік.

Қызық. Әрі кетсе шахтада бір сағат ғана болады екенбіз. Қорқыныш пен үрей басым. Бірақ «шешінген судан тайынбас» деген ойға келдік. Ұққаным, шахтаға түсу оңай емес екен. Қауіпсіздік ережесі түсіндірілгеннен кейін, арнайы киім кию үшін жігіттер мен қыздар екіге бөлінді. Арнайы бөлмеде үстімізге киім, аяқ киім және қасқа берілді. Формасы ыңғайлы болғанымен, етік кемі 2-3 келі шығар. Өз өлшеміміз жоқ болғандықтан, екі есе үлкенін киюге тура келді. Одан әрі медициналық тексеру кабинетіне бардық. Қан қысымын өлшеді. Бірқалыпты екен. Келесі бөлмеде жарық шам, ауа сақталған қурылғы мен тағы да бір-екі затты мойына іліп алдық. Жүрісіміз баяулады. Себебі әлгі етіктің салмағына 4-5 келі аспалы құрылғылар қосылды.

Ғимараттан шығып, екі-үштен бөлініп, арнайы көлікке отырдық. Зулаған көлік екі-үш минуттан кейін шахтаға түсті. Қараңғы туннель. Көліктің жарығына қарап келеміз. Бұрылыс, келесі бұрылыс осылай жүріп, діттеген жерге келдік. Негізі шахтаның тереңдігі 400 метр. Ал біз 100 метрге түстік. Онда көлік пен құрал-жабдықты жөндейтін түрлі цех орналасқан. Жерасты жөндеу камерасы деп аталады екен.

Қараңғылық сөйліп, жарық көрінді. Жер асты болған соң ба, суық. Өлде қорқыныштан ба, денем тоғандай. Бастысы, жарықты көргеніме қуанып қалдым.

Бұрын көрмеген техникалар. Жұмысшылар шаруасын істеп жатыр. Бізге таңырқай қарайды. Одан әрі төмен түсуге рұқсат жоқ дегенді жиналыс кезінде маман ескерткен болатын. Дерексіз кірістім. Енді ғана екпінін бәсеңдеткен алып техникадан жас жігіт секіріп түсті. Аты-жөні Мұхаммед Жұмабек. Ол 2021 жылы шахтаға жүргізуші болып қабылданыпты. Колледжді бітіргеннен кейін жұмыспен қамту бөлімі арқылы келген.

– Біз колледжді бітіргеннен кейін жұмыссыз жүрген жоқпыз. Арнайы бағдарлама арқылы алдымен практикadan өттім. Кейін жұмысқа алды. Бастысы, жұмысқа ұқыпты болу керек. Әр істі тыңғылықты, жауапкершілікпен атқару маңызды. Техниканың жұмыс барысында жанармай тасуына, сол тұрған аумағына май жеткізіп беремін. Мынау – жанармай таситын машина. Осыған майды толтырып алып, техникаларға құямын. Қауіпсіздік шараларын қатаң ұстанамыз. Күнделікті тәнертен медициналық тексеруден өтеміз. Таңғы 7-де жұмысқа кірісеміз. Содан кешкі 6-да жердің үстіне бірақ шығамыз. Түскі асымызды жұмыс орнына әкеледі. Осы машинаны айдаған маман алғашында техниканың тілін үйретті. Жалпы, жастарға қолдау жақсы.

Алдыңғы буын ағалардың көмегі көп, бізге әркез қол ұшын созуға дайын, – дейді ол.

Жер астындағы техника тарсылынан құлақ тұнады. Тас тасымалдайтын көлік жақындап келе жатқанда даусының гүрлі күшейе береді. Осы көлікті басқаратын жігіт Жасұлан Зареровтің мұнда келгеніне 8 жыл болыпты. Ол тау-кен саласы мамандығын Кентау қаласында оқыпты. Оқуды бітіргеннен кейін осында түйіндеме тапсырып, көп ұзамай жұмысқа қабылданған. Тас тасымалдайтын 30 тонналық машинаны тізгіндейді. Жер астынан тас тасымалдап, күніне 10-12 рейс жасайды екен. Кат деген техника бар. Сол тасты көлігіне салып береді. Ал оны сыртқа жеткізеді. Машинаның салмағы ауыр болғандықтан даусы да қатты естіледі. Жұмыс бахталық әліспен, он бес күн күндізгі уақыт болса, он бес күн түнгі ауысым бойынша ауысып еңбек етеді.

Бөлім басшысы Әзілхан Байжанов мұндағы күнделікті атқарылатын жұмысқа тоқталды.

– Бұл – негізінен жерасты техникаларын жөндеу және қызмет көрсетілетін бөлік. Шамамен 100 метр тереңдіктеміз. Техниканы жөндеу, баллон ауыстыру, құрылғыларды қайта калыпқа келтіру сынды көптеген қызмет түрін атқарады. Бұл – басты жол, 400 метрге дейін баратын айналма жол. Мәселен, мына техника тасымалдауға арналған. Қазір ол 280 метрден тасты жеткізуде. Жөндеу жұмыстарына байланысты токарь цехы, автоэлектрик, дәнекерлеу сынды цехтар бар. Негізгі өнім – қорғасын мен мырыш. Әзірге өнім өндіруге дайындық. Рудаға дейінгі жолды жүзудеміз. Көріп тұрғандарыңыздай, жұмыс оңай емес. Қызметкерлерге барлық жағдай жасалған. Жатын орын, спортзал, бассейн, арнайы киім, ыстық тамақпен қамтылған. Жастар, колледж студенттері келеді. Оларға тәжірибелі мамандарымыз білген-түйгендерін үйретеді. Ынтасы бар жастарды жұмысқа тартамыз. Себебі келешекте біздің орнымызды басатын кадрлар даярлау керек. Осы мақсатта колледж студенттері тұрақты практикadan өтеді. Қолының икемі мен ебі барларын жұмысқа алып қалуға тырысатымыз, – дейді ол.

Токарь цехының ішінде жұмыс қызу. Цехта 20 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Асхат Асанқұлов – тәжірибелі маман. Ол вахталық әдіспен жұмыс істейді.

– Біздің негізгі қызмет – бұзылған техникалар мен құрал-жабдықтарды жөндеуіміз. Жоңып, тегістеп, қайта іске асырамыз. Цехта темірді жонуға, қысуға, кесуге арналған құрылғылар бар. Солардың көмегімен жұмыс атқарамыз. Жұмыс жүріп жатқаннан кейін, машиналар бұзылады, құрал-сайман сынады. Ал оларды уақытында қалпына келтіріп, қайта іске жарату – біздің міндет. Сол арқылы өзгелердің де ісі алға басады. Кейінгі кезде токарь болуға құмартатын жастар аз. Дегенмен аудандағы колледжде арнайы тәжірибеден өтуге келетін студенттер бар. Олар оқуда теорияны үйренсе, мұнда практика жүзінде іске асырады.

Соның бірі – Алдаберген Ерзат. Ол бытыр Жаңакорған аграрлық колледжін токарь мамандығы бойынша бітіріпті. Бізге жұмыспен қамту орталығы арқылы келді. Жалпы баланың талабы жақсы. Құрылғымен темір жонуда, – дейді ол.

Айналма жол ұзан кеткендей

Жұмысшылармен пікірлесіп болғаннан кейін қайта көлікке отырдық. Қараңғы жолға түсіп, жарыққа шығуға бағыт алдық. Айналма жол ұзан кеткендей. Әйтеуір бір кезде жарық көрінді. Жақындаған сайын үлкейіп келеді.

Іа, жердің үстіне шықтық. Алғашқы ойым «Жер бетінде, жарықта еңбек еткенге не жетсін!» болды. Шахтаға түсіп бара жатқанда мандайшадағы «Сені отбасың күтіп отыр» деген екі тілдегі жазу ойландырылды.

Жалпы «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ 2014 жылы құрылған. Негізгі қызметі – қорғасын-мырыш кенін өндіру және байыту. Өндіріс процесі жерасты тәсілімен руданы өндіру, ұсату, байыту және концентрат шығару. Сондай-ақ ол әлемдегі ірі қорғасын-мырыш кен орындарының бірі саналады. Инновациялық технологияларды қолдану, яғни өндіріске заманауи жабдықтар мен флотация технологиясы енгізілген. Өнімді өткізу нарығы негізінен экспортқа бағытталған. Міне осындай ірі кен орындарына жастарды тарту үшін аграрлық-техникалық колледж жас мамандарды даярлап, өндірісте практикadan өтіп, білімдерін шыңдап жүр. Бұл – қуанарлық жағдай. Себебі техникалық мамандар қашанда сұранысқа ие.

Міне, Жаңакорған ауданына жасаған сапарымыз сәтті аяқталды. Ымырт үйірлілді, жеңіл көлік тегіс жолмен жүйткіп келеді. Сапар барысында түйгеніміз – техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының сұранысына сай бейімделуде. Колледж қабырғасында мамандық бойынша білім алады, өндіріс орындарында тәжірибеден өтіп, ынталы жастар жұмысқа қабылданады. Бұл – дуальды оқыту жүйесінің жемісі әрі білім мен өндірістің өзара байланысының айқын көрінісі екеніне көз жеткізіп қайттық.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

Сурет Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.
Қызылорда-Жанакорған-Қызылорда

ЗЕРДЕГЕ ТОҚИТЫН ФИБРАТ

Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы уақыттың кереғар құбылыстарын көзбен көріп, заман идеясына үн қосқан. Сондықтан да болар, олардың шығармаларында ой үндестігі кең көрініс тапқан. Фибрат өлеңдерін зерделегенде, ортақ ойлар мен ұқсас ұстанымға көз болдық.

Екі акынның шығармаларында басты қозғалатын тақырыптың бірі – есті адам жайында. Естіген сөзін ақылмен ойланyp, ойлы шешім қабылдайтын кісіні есті адам деп есептеген. Ойлары бір арнада тоғысқандай. Осы орайда Абай мен Мәшһүр Жүсіптің мынадай өлең жолдары бар.

Абай Құнанбайұлы:
– Жігіттер, ойын арзан,
күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен
сымбат.
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:
Ғибрат ал, ей, ағалар мына
сөзден,
Жастықтан тәубе қылып,
иман ізден, –
дейді.

Бұл өлең жолдарын бір-бірімен салыстыра келе, есті адамның бойында білім де, ғылым да, иман да болатынын

ашып айтқанына көз жеткіздік.

Қос данышпанның шығармашылығында бұдан басқа да біршама ұқсастықты көруге болады. Есті адам жайында сөз қозғаған Абайдың он тоғызыншы қара сөзінде:

– Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Өрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіктенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол



Сурет ашық фотосабадан

жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанда, өзіңді тани-тұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады, – деген.

Абай атамyz үшін есті адам – тек көп нәрсені білетін ғана емес, естіген сөзін сарапал, түйін шығара білетін, тәжірибе-ден сабақ алатын адам. Есті-

лікті ақыл мен сананың үйлесімді жұмысы деп түсінеді. Мәшһүр Жүсіп атамyzдың да санаға сәуле түсірген өлең жолдарында:

– Көп сөйлесе, көз тозар,
Аз сөйлесе ой тозар.
Есті адам аз сөйлеп,

көп ойлаған,
Жөңсіз сөзден ғибрат
алмай, ойланған.

Бұл өлең жолдарында ақын артық сөйлеу сөздің мәнін кет-

іретінін білдіреді. Әсіресе, сөз орынды қолданбаса, адамды нанымсыз, белелсіз етеді. Бұл артық сөзбен уақыт өткізуден гөрі, өз ойымен жұмыс істеп, мәнді дүниелерге көбірек көңіл бөлу маңызды екенін көрсетеді. Демек, «үлгі жол – жақсылардың әрбір ісі» деп рухани дүние мен ұрпақтар сабақтас-тығының үзілмесіне сенеді.

Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы есті адам идеясының үндестігі мұнымен бітпейді. Алайда, екеуінің қолтаңбасын шатастыру мүмкін емес. Абайдың потенциалы бізге қуатты поэзия, көркем шығарма түрінде жетті. Ал Мәшһүр Жүсіп дастандар мен діни мысалдарға, риуаяттарға, аңыз-өңгімелерге көп қалам сілтеген. Екі тұлға да артынан мәңгі өшпес рухани мұралар қалдырды. Бұл мұралардың бізге және келер ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

**Нұрбала ЛИЯСОВА,
№167 орта мектебінің
казак тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі**

«ҚАЙСАРДА» – ЖАҢА БАС БАПКЕР

«Қайсар» футбол клубын алдағы жылы қазақстандық Андрей Ферапонтов жаттықтырады. Тәжірибелі маман Премьер-лигада өзіндік қолтаңбасын қалдырған.

Ол бас бапкер лауазымын «Мақтаарал» футбол клубында бастап, «Окжеттес» командасында жалғастырды. Сондай-ақ «Ақтобе», «Ордабасы», «Қайрат», беларустік «Рух» командаларының бапкерлік штабында еңбек етті. Құрама деңгейінде де тәжірибесі жеткілікті. Бүгінде Қазақстан жастар құрамасының бас бапкері міндетін атқарады.

Кейінгі үш жылда қызылордалық клубта бас бапкер болған Виктор Кумыковтың келісімшарты аяқталуына байланысты қызметінен кетті. Ол қызылордалық клубта 2023 жылдан бері жұмыс жасап келді. 2023 жылы 6, 2024 жылы 8, 2025 жылы 11-орын алды. Одан бұрын командада 2003-2004 жылдары да қызмет



атқарған еді. Тәжірибелі бапкер «Спартак» Нальчик (Ресей), «Елімай» (Қазақстан), «Машал» (Өзбекстан), «Насаф» (Өзбекстан), «Шахтер» (Қазақстан), «Ордабасы» (Қазақстан), «Алмалык» (Өзбекстан), «Атырау» (Қазақстан) командаларында бас жаттықтырушы болған.

«СБ» ақпарат



Бұл қарым-қатынас дағдарысы ма?

Әлемде сұрбойдақ пен кәрі қыз көбейді. Кейінгі 8 жылда жаһанда сұрбойдақ пен кәрі қыз саны 100 млн-ға артты. Мұны Economist басшылығының зерттеуі көрсетті.

Мәселен, әлеуметтік желі арқылы қыздар бойы 180 сантиметрден асатын жігіттерді іздейді. Сұңғақ бойлы ерлер аз болғандықтан, бойдақ жігіттердің 85%-ы бұл сүзгіден өте алмайды.

Келесі критерий – білім деңгейі. Дамыған елдерде оқыған-тоқыған азаматтардың саны қыз-келіншектерге қарағанда көп емес.

Кей елде жар таба алмай жүрген еркектер роботқа үйлену жағын ойлана бастаған. Мәселен, Жапонияда некесін қидырып жатқандар да бар. The Economist басшылығы: «Әлемде қарым-қатынас дағдарысы басталды. Бірқатар елде қоғамның өткір мәселесіне айналды. Сауалнамаға қатысқан бойдақтардың 7%-ы жасанды интеллектпен отбасы құруға дайынбыз деп жауап берді. Олардың айтуына қарағанда нейрожелі қыздарға қарағанда талапшыл емес, сабырлы, мейірімді».

Шоколад бағасы шарықтап кетті

Бірнеше неміс өндірушісі шоколад бағасының 20%-ға дейін өсетінін жариялады. Ferrero, Lindt, Mondelez және Ritter

сияқты брендтер биыл нарықтағы үлесін жоғалтты.

Кәсіпорындар мұны бағаның өсуімен байланыстырып отыр: қақао, каптама, жалақы, энергия – бәрі қымбаттады. Бірақ бөлшек сауда өкілдері сүт пен канттың соңғы кезде керісінше арзандағанын айтып, қарсы келді.

Кот-д'Ивуар мен Гана сияқты өндіруші елдерде қатты жаңбыр салдарынан өсімдік аурулары тарайды, содан кейін басталған құрғақшылық өнімді жойды. Салдарынан қақао бағасы күрт өсіп, 2024 жылдың желтоқсанында тоннасына рекордтық 11 957 еуроға жетті.

Қазіргі уақытта баға тоннасына шамамен 5000 еуроға дейін төмендеді, бірақ 2024 жылдың қараша айымен салыстырғанда бұл әлі де 30%-ға жоғары. Сарапшылар супермаркеттерде бағаның төмендеуін күтпейді, ал Lindt және Mondelez сияқты ірі брендтер бағаны төмендетудің орнына каптама көлемін азайтуды таңдап отыр.

Тыйым мәселені шеше ме?

Дания өз елінде балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануына тыйым салу мәселесін қарастырып жатыр.

Ел билігі заң жобасындағы талаптарға сәйкес, балалар белгілі бір платформаларға ата-анасының рұқсатымен ғана кіретін болады. Бұл заң жобасы алдағы айларда қабылдануы мүмкін.

Қазір Данияда 13 жасқа дейінгі балалардың 94 пайызында планшетке немесе телефонға бір парақша бар. Билік өкілдері шара көзделетке толмағандарды цифрлық ортаның кері әсерінен қорғайды деп есептейді.

Осындай бастаманы Еуропаның өзге де елдері талқылап жатыр. Франция, Испания мен Греция әлеуметтік желі қолданушыларына міндетті жас шектеулерін енгізуге ниетті.

Ақпарат көздерінен

/// ТАҒЫМ

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ТҮЛҒА

Сартай Мыханұлы туралы көргендерімді мен көңілге түйгендерімді қағаз бетіне мүмкіндігінше түсірдім. Оның өмірі қамшының сабындай қысқа болғанымен (52 жас) қалдырған ізі өшпейді. Жарқын бейнесі аңқылдаған ақ пейілі, адал көңілі арқылы өзі қызметтес болған араласқан азаматтардың бәрінің де сүйіктісіне айналған. Көзі тірі болғанда бұл күндері 90 жасқа келер еді.



Сартай Мыханұлы ауыл шаруашылығы саласында тәжірибесі мол, көзқарасы кең, білікті басшы болатын. 1958 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп еңбек жолын Жалағаш ауданындағы Калинин атындағы колхозда бас зоотехник болып бастады. Сол кезеңде аудан, облыс басыпшыларының, мамандарының назарына ілігіп үлкен ілтипатқа ие болды. 1963 жылы Сырдария ауданы Аманкелді совхозының бас зоотехнигі қызметіне жоғарылатылды. Осы шаруашылықта атқарған ерен еңбегі ескеріліп, Жетікөл мал бордақылдау совхозына директор қызметіне тағайындалды.

Саналы ғұмырын, еңбек жолын Сырдария ауданында өткізді. 1974 жылдан өмірінің соңына дейін Сырдария ауданында ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметін атқарды. Ауданның мал шаруашылығы саласына тікелей басшылық етті.

Сартай аға еңбек еткен кезеңде Сыр елінің экономикалық дамуына зор үлес қосты. Әсіресе мал шаруашылығының өркендеуіне көп еңбек еткен азамат.

Сырдария ауданына қарасты 9 совхоз, 2 тәжірибе шаруашылығы және құс фабрикасы болды. Сол кезеңде ауданда мал басы өсті. Атап айтсақ, ірі қара 17 мың, қой 230 мың, жылқы 1800, түйе 600 басқа жетті. Ет, сүт, жүн өндіру көлемі облыстағы аудандардың алдынан көрінді. Төл алу жоспары жыл сайын артығымен орындалды. Қоғамдық малдың шығыны азайды. Ауданда алғаш рет мал бордақылау алаңдары іске қосылды. Жемшөп цехтарының тұрақты жұмыс істеуіне бақылау жасалып, ірі шөпті турап-булап, микро-макро элементтерімен байытып беру қолға алынды. Нәтижесінде аудан шаруашылықтарында жоғары сапалы ет өнімдерін дайындауға қол жетті. Айта кету керек, осы жұмыстардың нәтижесінде етке өткізілген ірі қараның тірілей орташа салмағы 400, қой 50, жылқы 350, түйе 500 келі салмақта тапсырылды. Сонымен қатар, Айдарлы совхозында сыйымдылығы 10 мың, Жетікөлде 5 мың басқа арналған ірі қара бордақылайтын алаңдар, ал 1 Май, Тартоғай, СССР-дің 50 жылдығы, Аманкелді совхоздарында әрқайсының сыйымдылығы 3 мың басқа арналған қой бордақылау алаңдары жұмыс жасады.

Ауданның сүт өндірумен айналысатын шаруашылықтары облыс орталығы Қызылорда қаласының іргесінде орналасқандықтан, қала халқын ет өнімдерімен қамтамасыз ету Сырдария ауданына жүктелген. Сондықтан сүт өндіретін тауарлы сүт фермаларының тұрақты жұмыс жасауы, ондағы зоотехникалық-малдәрігерлік талаптардың мұлткіз орындалуы, қаланың сүт өңдеу фабрикасына өткізілген сүт өнімдері сапасының бекітілген мемлекеттік стандартқа сай болуы күнделікті тексеріліп, қатаң бақылауда ұсталды.

Сырдария ауданы сол жылдары мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізді. Аудан социалистік жарыстың қорытындысында қол жеткен табыстары

үшін 2 рет республикалық, 3 рет облыстық ауыспалы Қызыл туды жеңіп алған болатын.

Мал шаруашылығы саласы сол кезеңнің сұранысына сай қайта құруды талап етті. Сондықтан ауданда төрт түлік мал тұқымын асылдандыру жұмыстарына көп көңіл бөлінді. Абай, Жамбыл, Киров атындағы совхоздарда сүт бағытындағы асылтұқымды «Әулиеата» сиырын, ал Тартоғай, Аманкелді совхоздарында асылтұқымды «Сұрхандария», «Бұхар» сұр қойын өсіру ұйымдастырылды. Тартоғай совхозы осы жұмыстардың нәтижесінде республикада асылтұқымды сұр қойын өсіру зауыты атығын алды.

Сартай ағамен он жылға жуық қызметте бірге болдым. Үлкен өмірде, қызметте осындай мінезі жайсаң, абал азаматпен бірге болғаным мақтанамын. Мамандық шыңдауда көп нәрсені үйрендім.

Оның еліне сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Сартай Мыханұлы тек білікті басшы, іскер ұйымдастырушы ғана емес, адал дос, мейірімді әке, қарапайым халықтың қамын ойлайтын ел азаматы болды.

Сол кезеңдегі аудан басындары Еламан Жүнісбаев, Сейілбек Шауаханов, Сәмит Далдабаев, Нәлжажа Ерғешбаев, Оналбек Сәлиев, Бигали Қапопов, Ибрагим Әбібуллаев, Елубай Қосжанов, Мәді Әбдірамановпен қызметтес болды. Басшылар Сартай Мыханұлының өзі айналысатын саланы мейлінше жетік білетінін, зеректігін, іскерлігін құрметтейтін.

Қызметтес болған, бір дәуірдің ыстық-суығын қатар өткерген әріптестері Айдарбек Қадірқұлов, Жарқынбек Әнуаров, Нұрман Жұндабеков, Өзбекбай Досмағанбетов, Өбсәми Оразалиев, Нартай Әбуов, Жетпісбай Өндірбаев, Әнуарбек Қалтаев, Мақсұтхан Бимұрзаев, Ботабек Шәріпбеков, Асылбек Өлпеков, Бақыт Шажаңбаев, Сағындық Халыков, Оспан Жортпасов, Ералы Пәрменов, Шахарбек Қабылшаев, Дахарбек Мырхиев, Баян Аппазов, Аманбай Пірманов, Мәулен Токтыбаев, Басаман Пірімбетов, Жаппарбек Тоқышев, Айғалы Дүйсенбаев сынды әріптестері достық қатынаста болды.

Сартай аға мен Шырынкүл жеңгеміз 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Ұлдары Алматыбек пен Талғат Алматыдағы ірі кәсіпкерлердің қатарында. Бердібек – Сыр еліне еңбегі сіңген белгілі іскер азамат. Ол Сыр өңірінде ауыл шаруашылығы нысандарын жаңғырту және гидротехникалық жұмыстарды атқаруда ел игілігіне абыройлы қызмет жасап жүрген абзал азамат екенін жақсы білеміз.

Сартай ағаның асқарқын, ашық мінезі, адалдығы, ортасына беделі, өзіне жарасымды бір айтар сөзі, әзіл-қалжыны оны білетіндердің есінде мәңгі қалды деп есептеймін.

**Дүйсенбек ПІРМҚҰЛОВ,
шежірті, ауыл
шаруашылығы саласының
ардагері**

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ ТЕТІГІ

Ислам діні отбасының іргесі берік, керегесі кең болуына, отбасындағы жылылыққа ерекше мән береді. Құран Кәрімде Алла Тағала: «Оның (Алланың құдіретін көрсететін) айқын дәлелдерінің бірі – өз болмыстарынан жандарын жай тапсын деп, сендер үшін жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік пен мейірімділік сезімін ұялатты. Расында осыны ақылға салып, ойланатын қауым үшін айқын дәлелдер мен ғибрат бар» дейді («Рум» сүресі, 21-аят). Осылайша ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік пен өзара құрметтің маңыздылығын түсіндіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендердің ең жақсыларың – отбасына жақсы қарағандарың. Мен де отбасыма жақсы қарағандардың ең ізгісімін» деген.

Хадистің мәніне үнілсек, отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, олармен өзара тату болу мұсылманның мұсылмандығының және ізгі қасиеттерінің бірі екенін түсінуге болады. «Байлық пен бала – дүние сәні» («Кәһф» сүресі, 46-аят) деп аятта айтылғандай, көздің қуанышы, көңілдің жұбанышы болған ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу ең алдымен отбасынан басталады. Кез келген елдің іргесінің берік болуы мен қоғамның берекелі ұйысуы отбасындағы тәлім-тәрбиеге тікелей байланысты. Тіпті мектеп, қоршаған ортаның да ықпалы бар. Сондықтан «Отан отбасынан басталады» деген сөз бар. Ата-бабаларымыз жарық дүниеге ұрпақ келсе, көріктісі мен бәрітсініне, кестетігері мен қамшы-ұрпағына үміт артқан. Ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Баланы ұлша тәрбиелесен, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесен, құл болмақшы» деген. Бәрінің астарында терен тәрбие бар.

Қазіргі таңда қоғамда ажырасудың көбеюі, рухани құндылықтар төмендеп, материалдық құндылықтарға деген қажеттіліктің артуы кейбір отбасылар арасында мәселе туындатып отыр. Ажырасу көрсеткіштерінің артуы салдарынан бала тәрбиесінде де олқылықтар орын алып жатыр. Таңнан кешке дейін тіршілікке жетілген ана мен әке балаларға мейірім мен уақытты аз бөледі. Ол рас.

Мейірімсіз бала қайдан шыға-

ды? Оларды тәулік бойы телефондағы сансыз ақпараттар мен қажетсіз әлеуметтік желілер тізгінінде келеді. Бұл отбасының ішкі тұрақтылығына, тіпті қоғамның құлдырауына кері әсер етері сөзсіз. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы азаматтық қоғамның ықпалды бір ұйымы ретінде достары отбасылық құндылықтарды жаңғыртып орнықтыру жолындағы қызметте бар күш-жігерін жұмсап келеді. Рухани (имани) және материалдық (адал табыс) тұрғыдан негізі берік құрылған, төрт құбыласы түгел отбасы – қуатты мемлекеттің кепілі және абыройлы да ізгі ұрпақ өсірудің қасиетті мектебі.

Халқымыз: «Еркек – үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» деп бекер айтпаған. Ер азамат адал нәпақа тауып, отбасын асыраса, қалғанын ұқсату, берекесін келтіріп жұмсау – саналы әйелдің дөңгелентіп әкете-тіні-ақ шаруасы. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ер кісі отбасының бақташысы, сондықтан ол көл астындағыларға жауапты, ал әйел өз үйі мен балаларының бақташысы, сол үшін жауапты» деген. Әйелдің күйеуіне қылдай қиянат қылмай адал болуы, балаларына қамқор болуы, ерінің ежелгеніне разы болуы отбасын тыныштыққа бөлейді.

Имам Ахмад риуаят еткендей, Хусайн ибн Муханнаф (р.а.) нағашы апасы пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келеді. Сонда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сіз тұрмыстағы әйелсіз бе?» деп сұрайды. Ол әйел: «Иә» дейді. Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сіз оның өзіңіздегі хақын өтейсіз бе?» дейді. Әйел: «Шамам келгенше хақын өтеуге тырысамын» дейді. Сонда пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Онымен қарым-қатынасыңыздың қандай екеніне көңіл бөліңіз. Ол сіздің жәннатқа немесе тозаққа кіруіңізге себепкер» дейді.

Міне, осындай тәрбие тетігі болар хадистер әрбір мұсылманның өмірінің айнымас бір бөлігі болуы тиіс.

**Қайырхан ҚАБЫЛҒАЗИЕВ,
қалалық «Құлдық ынан»
мешітінің бас имамы**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.